

**Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 40/473 "2020 - 2022 жылдарға арналған Теңге ауылының бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2020 жылғы 27 мамырдағы № 44/501 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2020 жылғы 1 маусымда № 4222 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңына және Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2020 жылғы 6 мамырдағы № 43/497 "Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 39/458 "2020 – 2022 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4207 болып тіркелген) сәйкес, Жаңаөзен қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:

1. "2020 - 2022 жылдарға арналған Теңге ауылының бюджеті туралы" Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 40/473 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4104 болып тіркелген, 2020 жылғы 17 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1 тармағы келесідей мазмұнда жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2020 - 2022 жылдарға арналған Теңге ауылының бюджеті тиісінше осы шешімнің 1, 2 және 3 қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 483 807 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша – 59 133 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша – 537 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 0 теңге;

трансферттердің түсімдері бойынша – 424 137 мың теңге;

2) шығындар – 499 401 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 15 594 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 15 594 мың теңге

;

қарыздар түсімі – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 15 594 мың теңге.";

2 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"2. 2020 жылға арналған Теңге ауылының бюджетіне қалалық бюджеттен 393 700 мың теңге сомасында субвенция бөлінгені ескерілсін.";

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жаңаөзен қалалық мәслихатының әлеуметтік – экономикалық даму, бюджет, құрылыс, өнеркәсіп, тұрғын үй және коммуналдық шаруашылығы, көлік және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (комиссия төрағасы Н. Худибаев).

3. "Жаңаөзен қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (аппарат басшысы А. Ермуханов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Жаңаөзен қалалық мәслихатының хатшысы*

*И. Калдаманов*

*С. Мыңбай*

Жаңаөзен қалалық мәслихатының  
2020 жылғы 27 мамырдағы  
№ 44/501 шешіміне қосымша  
Жаңаөзен қалалық мәслихатының  
2020 жылғы 6 қаңтардағы  
№ 40/473 шешіміне 1 қосымша

## 2020 жылға арналған Теңге ауылының бюджеті

Санаты		Атауы	Сомасы , мың теңге
Сыныбы	Кіші сыныбы		
<b>1</b>		<b>2</b>	<b>3</b>
		1. Кірістер	483 807
1		Салықтық түсімдер	59 133
	01	Табыс салығы	5 742
	2	Жеке табыс салығы	5 742
	04	Меншікке салынатын салықтар	53 391

	1	Мүлікке салынатын салықтар	422
	3	Жер салығы	689
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	52 280
2		Салықтық емес түсімдер	537
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	537
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	537
	04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	0
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	0
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
	01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	0
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	0
4		Трансферттердің түсімдері	424 137
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	424 137
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	424 137
Функционалдық топ		Атауы	Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	Бағдарлама		
<b>1</b>		<b>2</b>	<b>3</b>
		2. Шығындар	499 401
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	55 310
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	55 310
	001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	55 310
04		Білім беру	325 562
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	325 562
	004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	325 562
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	2 947
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 947
	003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	2 947
07		Тұрғын үй–коммуналдық шаруашылық	73 788
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	73 788
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	26 542

	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	33 439
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	13 807
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	41 794
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	41 794
	006	Жергілікті деңгейде мәдени–демалыс жұмысын қолдау	41 692
	028	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру – сауықтыру және спорттық іс – шараларды өткізу	102
		3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
		Бюджеттік кредиттер	0
		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
		4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
		Қаржы активтерін сатып алу	0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		5. Бюджет тапшылығы (профициті)	- 15 594
		6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	15 594
		Қарыздар түсімі	0
		Қарыздарды өтеу	0
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	15 594
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	15 594
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	15 594

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК